# Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы N 196/28 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда N 3731 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2016 жылғы 08 шілдедегі N 43/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 08.07.2016 N 43/5 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" N 504 қаулысына сәйкес және жекеленген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік саясат, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Сессия төрайымы* | *Г. Алпысбаева* |
| *Қалалық мәслихаттың хатшысы* | *М. Омарғалиев* |

Ақсу қаласы мәслихатының<br>2014 жылғы 20 ақпандағы<br>N 196/28 шешімімен<br>бекітілген

## Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақсу қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) 2013 жылғы 21 мамырдағы N 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

## 1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Ақсу қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысындағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облысы филиалының Ақсу қалалық бөлімшесі;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Ақсу қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

12) шартты ақшалай көмек - отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем;

13) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты - шартты ақшалай көмек тағайындау үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

14) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі - жеке жоспар) - уәкілетті орган өтініш берушімен бірлесіп әзірлеген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және ( немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар кешені.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 14.04.2016 N 16/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган ( бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

2) 9 мамыр – Жеңіс күні;

3) 1 қазан – Халықаралық қарттар күні;

4) қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 25.09.2014 N 270/37 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Павлодар облысының ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

Арнайы және учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережелерді орталық атқарушы орган бекітеді.

## 2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Әлеуметтік көмек мынадай санаттағы мұқтаж азаматтарға көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі - ҰОС) қатысушылары мен мүгедектері;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы (бұдан әрі – КСРО) Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына

шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСРО аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі (бұдан әрі – ЧАЭС) апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСРО қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

ЧАЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары;

4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары, атап айтқанда:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен

басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар, сондай-ақ 1988 - 1989 жылдардағы ЧАЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан;

5) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар, атап айтқанда:

мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде қызмет көрсетілетін адамдар;

80 жасқа толған және одан асқан адамдар;

төмен және ең төменгі мөлшерде зейнетақы, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алатын адамдар;

6) мүгедектер, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар;

1, 2-топтағы мүгедектер;

кәмелетке толмаған балалары бар 3 топтағы мүгедек әйелдер;

отбасы құрамында мектепке дейінгі жастағы балалары (баласы) бар мүгедектер;

жоғары және орта оқу орындарында сырттай және қашықтықтан оқу түрлерінде оқитын мүгедектер;

жүктілік мерзімінде (12 аптаға дейін) есепке тұрған жүкті мүгедек-әйелдер;

санаторлық-курорттық емделуді қажет ететін 1 топтағы мүгедектер;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар алушылардың санынан көп балалы аналар;

8) аз қамтылған азаматтар, атап айтқанда:

жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің бір мөлшерінен аспайтын, жедел және жоспарлы хирургиялық операциядан өткен адамдар;

жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен аспайтын жүктілік мерзімде (12 аптаға дейін) есепке тұрған жүкті әйелдер;

отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,5 еселі ара қатынасынан аспайтын, өрт, зіл-зала апаты, жазатайым оқиға, төтенше жағдайлар, өрт салдарынан өмір сүруге қаражатсыз қалған өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғалар, соның ішінде үй тұрмысы құралдары , пәтер заттары және шаруашылық құрылыстары жартылай зақымданған кезде;

отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын уәкілетті органның есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар;

9) ағымдағы жылғы жалпы білім беру мектеп түлектерінің қатарынан, атап

айтқанда:

жан басына шаққандағы табысы ағымдағы жылғы 2 тоқсанының күн көріс минимумының бір есе мөлшерінен аспайтын отбасының балалары;

жетім балалар;

10) әлеуметтік маңызы бар мынадай аурулардан зардап шегетін азаматтар, атап айтқанда:

қатерлі ісіктер ауруымен ауыратын адамдар;

туберкулез ауруымен ауыратын адамдар;

адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруымен ауыратын адамдар.

11) бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылған адамдар;

12) 1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдар;

13) жан басына шаққанда отбасының орташа табысы күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан аспайтын отбасылар.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 30.04.2014 N 228/31 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;25.09.2014 N 270/37 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2015 N 310/43 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.07.2015 N 358/47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2015 N 399/52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2016 N 16/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. Уәкілетті орган әлеуметтік көмекті көрсетеді:

1) атаулы күндер мен мереке күндеріне біржолғы әлеуметтік көмек:

Жеңіс күніне орай:

уәкілетті ұйымның тізімі негізінде 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

уәкілетті ұйымның тізімі негізінде 8-тармақтың 2) тармақшасындағы бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші абзацтарда, 3) тармақшасындағы бірінші, екінші абзацтарда, 4) тармақшасындағы бірінші, екінші, үшінші, төртінші абзацтарда, 12) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

Халықаралық әйелдер күніне орай уәкілетті органның тізімі негізінде 8-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

Халықаралық қарттар күніне орай уәкілетті ұйымның және мүгедектер мен

қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тізімдері негізінде 8-тармақтың 5) тармақшасындағы бірінші, екінші, үшінші абзацтарда көрсетілген санаттар үшін;

Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай уәкілетті ұйымның және мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тізімдері негізінде 8-тармақтың 6) тармақшасындағы бірінші, екінші, үшінші, төртінші абзацтарда көрсетілген санаттар үшін;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

уәкілетті ұйымның тізімі негізінде тұрғын үйді жөндеуге 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде, азық-түлік жиынтығын сатып алуға 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде 8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

8-тармақтың 1) тармақшасында, 2) тармақшасындағы төртінші және бесінші абзацтарда, 3) тармақшасындағы бірінші және екінші абзацтарда, 4) тармақшасындағы төртінші абзацта (ЧАЭС апатының зардаптарын жоюға қатысқан адамдар санынан ғана) көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банк операциялары түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың, автомобиль немесе теміржол көліктерінде пайдаланылған жол билеттерінің, санатын растайтын құжаттың көшірмелері негізінде, Алматы және Астана қалаларының госпитальдарына бару және тұрғылықты жеріне кері қайтуға жолақы шығыстарын өтеуге;

8-тармақтың 1) тармақшасында, 2) тармақшасындағы төртінші абзацта, 3) тармақшасындағы бірінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың, санатын растайтын құжаттың көшірмелері негізінде, медициналық мекеменің анықтамасына сәйкес (төлеу туралы түбіртек қосымшамен бірге), тіс протездеуге 8 АЕК-тен аспайтындай;

8-тармақтың 5) тармақшасындағы бірінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың, уәкілетті органның тізімі, санатын растайтын құжаттың көшірмелері негізінде қатты отын сатып алуға 5 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 6) тармақшасындағы жетінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші,

жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері, шаруашылық жүргізу құқындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дәрігерлік-кеңес комиссиясы анықтамасының негізінде 5 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері, білім беру қызметін көрсетуге студенттің, Ақсу қаласы әкімі мен жоғары оқу орны басшысының қолы қойылған үш жақты келісім-шарттың негізінде білім беру қызметтерін көрсетуге нақты құнының мөлшерінде;

8-тармақтың 10) тармақшасындағы бірінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, шаруашылық жүргізу құқындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ауруды растайтын анықтамасы, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері негізінде 7 АЕК мөлшерінде;

Ақсу қаласында тұратын және амбулаторлық емделіп жатқан, 8 тармақтың 10 ) тармақшасындағы екінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, "Ақсу туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесінің ауруды растайтын анықтамасы, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері негізінде 7 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 10) тармақшасындағы үшінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, "ЖҚТБ-ға қарсы күресу және алдын алу жөніндегі Павлодар облыстық орталығы " мемлекеттік мекемесінің Ақсу бөлімшесімен берілген тізімі негізінде 7 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 6) тармақшасындағы үшінші абзацта көрсетілген санаттар үшін 2014 жылға, уәкілетті ұйымның тізімі негізінде біржолғы әлеуметтік көмек 17619 теңге мөлшерінде;

8-тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 2014 жылға, уәкілетті ұйымның тізімі негізінде біржолғы әлеуметтік көмек 17619 теңге мөлшерінде;

8-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, жоғары оқу орындарында оқу кезеңінде тұруға, тамақтануға және тұрғылықты жеріне дейінгі

жолақысына екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаты, жеке куәлігінің көшірмесі, білім беру қызметін көрсетуге, студенттің, Ақсу қаласы әкімі мен жоғары оқу орны басшысының қолы қойылған үш жақты келісім-шарттың негізінде 15235 (он бес мың екі жүз отыз бес) теңге мөлшерінде; ";

8-тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін Ақсу қаласы Ішкі істер бөлімінің тізімі, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шоты көрсетілген, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаты, жеке куәлігінің көшірмесі негізінде 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8-тармақтың 6) тармақшасындағы сегізінші абзацта көрсетілген санаттар үшін жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, тиісті медициналық мекемесінің санаторлық-курорттық емделуді қажет ететін оңалтудың жеке бағдарламасының көшірмесі 1 топ мүгедектігі туралы анықтамасы негізінде (сауықтыруға) 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8-тармақтың 6) тармақшасындағы сегізінші абзацта көрсетілген санаттар үшін жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, тиісті медициналық мекемесінің санаторлық-курорттық емделуді қажет ететін 1 топ мүгедектігі туралы анықтамасы, оңалтудың жеке бағдарламасының көшірмесі негізінде (еріп жүретін адамның тұру, тамақтану және жол ақысына) 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде;

8-тармақтың 13) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған әлеуметтік келісім-шарт негізіндегі әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы мен облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) бекітілген ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма ретінде айқындалады;

8-тармақтың 6) тармақшасының екінші және үшінші азат жолдарында көрсетілген санаттар үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасы бойынша, мемлекеттік сатып алу келісімшарты негізінде кресло-арба алу;

3) табысты есепке алмағанда тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

8-тармақтың 2) тармақшасындағы төртінші және бесінші, 3) тармақшасындағы бірінші және екінші, 4) тармақшасындағы төртінші абзацтарда (ЧАЭС апатының зардаптарын жоюға қатысқан адамдар санынан ғана) көрсетілген санаттар үшін жеке куәлігінің көшірмесі, мекенжай анықтамасы, санатың растайтын құжаттың көшірмесі, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші негізінде сауықтыруға 2 АЕК мөлшерінде;

4) табысты есепке алмағанда ай сайын әлеуметтік көмек:

8-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті органның тізімі негізінде дәрі-дәрмек сатып алуға 1 АЕК мөлшерінде, жергілікті бюджет есебінен көрсетілетін коммуналдық қызметтер бойынша шығыстарды өтеуге 5 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін мемлекеттік сатып алулар туралы жасалған келісім-шартқа сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде көрсетілетін Ақсу қаласында қимыл-қозғалыстары шектеулі мүгедектерді көліктік тасымалдау бойынша әлеуметтік қызметтерге және көп қабатты ғимаратқа баспалдақ аралығынан көтерілгіш құралының көмегімен арбалы-мүгедектерді тасымалдауға;

Ақсу қаласының селолық округтерінде тұратын 8-тармақтың 10) тармақшасындағы екінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері, "Ақсу туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесінің ауруды растайтын анықтамасы негізінде амбулаторлық ем алып отырған кезге жол ақысы мен тамаққа 6 АЕК мөлшерінде;

Ақсу қаласында тұратын және амбулаторлық ем алып жүрген, 8-тармақтың 10) тармақшасындағы екінші абзацта көрсетілген санаттар үшін "Ақсу туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесімен берілген тізім негізінде мемлекеттік сатып алулар туралы жасалған келісім-шартқа сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік қызметтер;

8-тармақтың 6) тармақшасындағы бесінші абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің, баланың туу туралы куәлігінің, Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері негізінде балалардың (баланың) балаларға арналған мектеп алды мекемесіне баруды төлеуге белгіленген құны

мөлшерінде;

8-тармақтың 6) тармақшасындағы алтыншы абзацта көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері негізінде "Интернетке" қосылу және оны қолдану үшін накты құны мөлшерінде;

5) табыстарын есепке ала отырып, біржолғы әлеуметтік көмек: 8-тармақтың 8 ) тармақшасындағы бірінші абзацта көрсетілген санаттар үшін өтініші, жеке куәлігінгінің көшірмесі, мекенжай анықтамасы, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дәрігерлік-кеңес комиссиясының анықтамасы негізінде 10 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 8) тармақшасындағы екінші абзацта көрсетілген санаттар үшін өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, мекенжай анықтамасы, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны дәрігерлік-кеңес комиссиясының анықтамасы негізінде 5 АЕК мөлшерінде;

8-тармақтың 8) тармақшасындағы үшінші абзацта көрсетілген санаттар үшін жеке куәлігінің және Ақсу қаласы аумағында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері, екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау жөніндегі арнаулы комиссияның шешімі бойынша (өрт болған кезде) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті Ақсу қаласының төтенше жағдайлар бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің немесе (су тасқыны кезде) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің төтенше жағдайлар комитеті Павлодар облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің қорытындысы (анықтамасы) негізінде 70 (жетпіс) АЕК дейінгі мөлшерде;

8-тармақтың 8) тармақшасындағы төртінші абзацта және 11) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде немесе жеке банктік операцияларының түрлерін жасауға тиісті лицензиясы бар ұйымда жеке шотының нөмірі көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің, мкенжай анықтамасы материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу актісі негізінде жеке

қосалқы шаруашылығын дамытуға 113 АЕК мөлшерінде.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 30.04.2014 N 228/31 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;25.09.2014 N 270/37 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) 23.02.2015 N 310/43 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.07.2015 N 358/47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2015 N 399/52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2016 N 16/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Алып тасталды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 25.09.2014 N 270/37 (жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді орган бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

12. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

## 3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі

13. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) Ақсу қаласының аумағында тіркелгенін растайтын құжатты;

3) Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

15. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

17. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

18. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

19. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

21. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

22. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 18 және 19-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету

не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

24. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады;

4) тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы табысының мөлшері облыс бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан асуы.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 14.04.2016 N 16/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25-1. Отбасының әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу үшін жүгіну кезінде, уәкілетті орган, ауылдық округ әкімі кеңес жүргізу деңгейінде оның қызмет көрсету шарттарын түсіндіреді және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасауға келісім берген жағдайда, азаматпен әңгімелеседі, оның барысында отбасының (азаматтың) мәселелері туралы ақпаратты нақтылап, өмірлік қиын жағдайдан шығу мүмкіндіктерін айқындайды, сондай-ақ алдын ала келесілерді анықтайды:

1) үміткердің шартты ақшалай көмек алуға құқығы;

2) отбасы мүшелеріне олардың жеке мұқтаждықтары ескеріле отырып көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері;

3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша зерттеу парақшасы рәсімделеді және өтініш беруші отбасылық және материалдық жағдайы туралы, осы Қағидалардың 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес сауалнама толтырады.

Учаскелік комиссия өтініш берушінің материалдық жағдайын зерттеу актін құрастырады және осы Қағидалардың 4 және 5-қосымшаларына сәйкес қортындысын дайындайды.

Әлеуметтік көмек алуға үміткер отбасының (тұлғаның) жан басына шаққандағы орташа табысы шартты ақшалай көмек тағайындауға жүгінген айдың алдындағы үш айда алынған жиынтық табысы отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін

арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралмайды.

Сонымен бірге, жиынтық табыс Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министірінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережелеріне сәйкес есептіледі.

Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмек отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзімге беріледі және үміткердің өтініші бойынша ай сайын немесе үш ай үшін бір мезгілде төленеді.

Әлеуметтік келісімшарт негізіндегі әлеуметтік көмектің біржолғы сомасы бұрынғы қарыздарды өтеуге, тұратын жылжымайтын мүлік сатып алуға, сондай-ақ сауда саласындағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған шығындардан басқа, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға байланысты іс–шараларға ғана, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (мал, құс және т.б. сатып алу), жеке кәсіпкерлік қызметтін ұйымдастыруға қолданылуы тиіс.

Ескерту. Қағида 25-1-тармақпен толықтырылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 14.04.2016 N 16/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Ақсу қаласының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

## 3-1. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау

Ескерту. Қағида 3-1 бөліммен толықтырылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 14.04.2016 N 16/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Өтініш берушімен отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт, осы Қағидалардың 6-қосымшасындағы нысанға сәйкес жасалады.

Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу құқығы белгілегеннен кейін уәкілетті орган өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін осы Қағидалардың 7-қосымшасындағы нысанға сәйкес жеке жоспарды әзірлеуге және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасауға шақырады.

Сонымен қатар, бір жұмыс күні ішінде 1 және 2 топ мүгедектерін,

оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттарды және күндізгі оқу нысанындығы магистранттарды қоспағанда, өз бетінше жұмыспен айналыушылар, жұмыссыздар санатына жатқызылған үміткерлер және (немесе) отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қамтысуға әлеуметтік келісімшарт жасау үшін жұмыспен қамту орталығына жіберіледі, не жергілікті бюджет қаражат есебінен іске асырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларына жолдама беріледі.

Отбасын (азаматты) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс шараларды қамтитін аз қамтылған азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсарту үшін жеке жоспар өтініш беруші және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп әзірленеді, соның ішінде:

уәкілетті органның және (немесе) Жұмыспен қамту орталығының жәрдемдесуімен белсенді жұмыс іздеу және олар ұсынған жұмыс орнына орналасу;

кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өту;

жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру, жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу;

халықтың нысаналы топтарына арналған мерзімді скрининг тексеруден өту;

отбасы құрамында жүкті әйел болған жағдайында, акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жүктіліктің 12 аптасына дейін тіркеуге тұру және жүктіліктің барлық кезенінде бақылауда болу;

маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез сияқты сырқаттар болған жағдайда өз еркімен емделу;

арнаулы әлеуметтік қызметтерді және (немесе) мүгедектерді оңалту шараларын уақытында алу;

